


Сурет 23 – Бұрғылау ерітіндісі тұтқырлығының саз құрамына тәуелділігі

1- №1 қызыл Төнкеріс сазы; 2 - №2 жасыл Төнкеріс сазы; 3- №3 Боралдай сазы



Сурет 24 – Бұрғылау ерітіндісінің статикалық кернеу өзгерісінің саз құрамына тәуелділігі

1 - №1 қызыл Төнкеріс сазы; 2 - №2 жасыл Төнкеріс сазы; 3- №3 Боралдай сазы

Сурет 25 пен сурет 26-ларда тұтқырлық пен статикалық кернеу өзгерісінің Қияқты көмірінен алынған көмірсілтілі реагентердің сілті мөлшеріне тәуелділігі келтірілген.

Тәжірибе нәтижелерінен алынған мәліметтер бойынша, көмірсілтілі реагентпен сазды ерітінділерді өңдеуде белгілі бір аймаққа дейін сазды ерітінділердің тұтқырлығын азайтып, содан соң артатынын көруімізге болады. Бұл өзгеріс көмірсілтілі реагенттің коллоидты бөлігінің сазды бөлігінің бетіне адсорбциясымен байланысты болуы мүмкін, ол сольватацияның күрт өсуіне әкеледі. Сольватация дәрежесі аз сүзуді қамтамасыз етуге қажетті қолайлы мәнді жоғарылатады. Сазды